



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Нәтиже

Жол сапасы жақсарады

Бүгінде Б.Алтынбаев көшесіне асфальт төсеу жұмыстары аяқталды. Ал А.Ізтілеуова көшесіне тас төсеу жұмыстары жүргізіліп, енді асфальт төсеу жұмыстары басталады. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов аталған көшелерге барып, жол құрылысымен танысты.

– Мемлекет басшысы ауылдардың инфрақұрылымын жақсартуға ерекше назар аударып отыр. Халық сапалы жолдың игілігін көруі қажет. Сондықтан әр жоба сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс, – деді Ардақ Ибраимов.

Аудан әкімі жол жөндеу сапасын жеке бақылауында ұстайтынын айтып, жауапты сала басшылары мен мердігер мекемеге нақты міндеттер жүктеді.

Айта кетейік, биыл Жалағашта жол құрылысы қарқын алып, елді мекендердің ішкі көшелері орташа және күрделі жөндеуден өтуде. Мәселен, биыл ауданның жол саласын дамытуға бюджеттен 1,7 млрд теңге қаралған. Тиісті қаражатқа 2,3 шақырымды құрайтын аудандық маңызы бар «Ақсу-Беркімбай кәлпе» автомобиль жолы, Жалағаш кенті және М.Шәменов, Қаракеткен, Далдабай, Аққыр, Еңбек сияқты елді мекендердегі 21 шақырымды құрайтын 38 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Аталған жобалар толығымен жүзеге асқан уақытта жақсы және қанағаттанарлық ішкі жолдардың үлесі 88 пайызды құрайды.

«Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбай кәлпе» автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 168,2 млн теңге қаралған. Ал Бұқарбай батыр ауылындағы 11 көшенің құрылысына 403,1 млн теңге бөлінген.

Биыл Жалағаш кентінде де жол құрылысы қарқын алды. Мәселен, аудан орталығындағы 11 көшенің күрделі жөндеу жұмыстарына бюджеттен қыруар қаражат қаралған болатын.

Мерәлі Шәменов ауылындағы Жамбыл және Ердузепов көшелерінің күрделі жөндеу жұмыстарына қазынадан 69 млн теңге бөлінген. Жоба құны 518,3



млн теңгені құрайтын Қаракеткен және Далдабай ауылдарындағы 16 көше де күрделі жөндеуден өтеді. Биыл бұл жұмыстарды бастау үшін 165,3 млн теңге қаралған. Мұнан бөлек жалпы құны 486,5 млн теңгені құрайтын шалғайдағы Аққыр елді мекеніндегі Ы.Ақырзаев, Ш.Есов, М.Ахметов, Аққыр, Н.Тәспенов көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын бастау мақсатында облыстық бюджеттен 180,5 млн теңге қаралды. Бүгінде бөлінген қаржы шегінде ауылдағы бірнеше көшеге асфальт төселіп, жол жиегіне құмаралас тас төсеу жұмыстары жүргізілді.

Мұнан бөлек жол саласы бойынша барлығы 3,4 млрд теңгені құрайтын 13 жобаны қаржыландыруға бюджеттік өтінім жолданған. Алдағы уақытта бюджеттің мүмкіндігіне қарай бұл жұмыстар кезек-кезгімен жүзеге аспақ.

Тарқатып айтсақ, олардың қатарында 86,5 млн теңгені құрайтын М.Шәменов ауылына кіреберістен сол және оң жақ көшелердің құрылыс жұмыстары бар. Сондай-ақ дәл осы елді мекендегі

167,1 млн теңгені құрайтын Тәшмбетов көшесінің құрылыс жұмыстары тағы бар.

Кент іргесіндегі Ақсу ауылындағы 3 көшенің құрылыс жұмыстарына қатысты жоба да дайын. Жалпы құны – 294,9 млн теңге. Дәл осы ауылдағы тағы 3 көшенің күрделі жөндеу жұмыстары 106,9 млн теңгені қажет етеді. Ал Аққұм елді мекенінің айналма жолын реконструкциялау жұмыстарына 196,5 млн теңге қажет. Мырзабай ахун ауылындағы К.Оспанов және Жаңақоныс көшелерін күрделі жөндеу жұмыстары да 591,9 млн теңгені қажет етеді. Қасындағы Мәдениет ауылының Жаңақоныс көшесін күрделі жөндеуге де 199,8 млн теңгенің жобасы әзірленген.

Дайын тұрған жобалар қатарында Жаңаталап ауылының 2 көшесі бар. Ішкі көшелерді күрделі жөндеуден өткізу үшін 128 млн теңге қажет. Ал шалғайдағы Есет батыр ауылының 4 көшесін күрделі жөндеуге 248,2 млн теңгені құрайтын жоба дайындалған.

Қаржылай қолдау тапса, мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргенов атындағы ауылда 8 көше күрделі жөндеуден өтеді. Бұл жұмыстарға 677,9 млн теңге қажет.

«Жаңақоныс-Таң» аудандық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау жұмыстарына да арнайы жоба дайындалған. Жобаның жалпы құны – 287,6 млн теңге. Ал «Самара-Шымкент-Мәдениет-Т.Жүргенов-Жаңаталап-Аққыр» аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы «Қорқытбай» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірін қайта жаңарту» жобасына 77 млн теңге қажет. «Самара-Шымкент-Таң» аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы «Бозарық» каналының көпірін қайта жаңғырту» жобасы 350,6 млн теңгені құрайды. Бұл жобалар қаржылай қолдау тапса, келер жылы да Жалағашта жол құрылысы қарқын алмақ.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Алтын ұя



Шуағын шашқан «Шұғыла»

Өткен аптаның сәрсенбесінде әдеттегідей әріптесіммен елді мекендердің тынысымен танысуға жолға шықтық. Бұл жолы бағытымыз – Аққұм ауылы. Бүгінге дейін бірнеше рет тілшілік тіршілікпен табан тіреп, ауылдағы ағайынның ахуалымен жіті танысқан болатынбыз. Әріптесім екеуіміз жол қысқарсын деген ниетпен жол бойы ауылда атқарылған жұмыстарды саралап келеміз. Қарап отырсам, мұнда қажеттілігіне қарай өзекті мәселелер шешімін тауып, елді мекеннің еңсесін тіктеуге бағытталған бастамалар, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары кезек-кезеңімен атқарылуда. Сапасы сын көтермейтін ішкі көшелер де жөнделіп, бірқатар жүйелі жұмыс жасалған. Ал балалықтың бақытты мекеніне айналған ауылдағы балабақшаның жай-күйі қалай? Ауылға арнайылап келуіміз басты себебі де осы сауалдың түйінін тарқату еді...

Әне-міне дегенше ауылдың топырағына табан тіреп, қосқабатты балабақшаның алдына келіп тоқтадық. Аулаға кіргеннен балабақшаның ауыл балаларының алаңсыз ойнауына бар жағдай жасағанын аңғардық. Себебі мұнда түрлі ойын алаңдары, атап айтсақ, өткеншек, сығанақ орналастырылған. Балалар кезекпен мініп, мез-майрам болып ойнап жүр. Балабақша меңгерушісі Гаухар Нұрсейітованың айтуынша, бұл ғимараттың іргетасы ең алғаш 1975 жылы қаланған. Алайда 1996 жылы балабақша жабылып, ғимарат басқа мақсатта қолданылған. Кейін, яғни 2007 жылдан бастап №7 «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы 2 топпен қайтадан өз жұмысын қолға алған.

Балабақшада бүгінде 5 топта 90 бала бар. Мұнда «Балапан» мен «Қошақан» кіші тобы, «Балдырған» ортаңғы тобы мен ересектерге арналған «Құлыншақ», «Ботакан» топтары бар. Ал қызметкерлер саны – 35. Оның ішінде 16-сы педагог. Олардың барлығы жоғары білімді, оның ішінде 8-і педагог-модератор, 6-ы педагог-сарапшы, 2-еуі педагог-зерттеуші. 16 педагогтың 1-еуі әдіскер, 10-ы тәрбиеші, қалғаны психолог, логопед, музыка және дене тәрбиесі нұсқаушысы сынды білікті мамандар. Балабақша меңгерушісінің айтуынша, тәрбиешілер жылдан-жылға өз білімдерін шыңдап, біліктілігін арттырып отырады. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту бағытында жүйелі жұмыс бар.

Айта кететін жайт, мұндағы қызметкерлердің барлығы балабақша қайтадан 2007 жылы ашылғаннан бері жұмыс жасап келе жатыр. Мамандыққа адалдық, жұмысқа деген жауапкершілік осы шығар, сірә.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ғимарат сонау 1975 жылы салынған, яғни жарты ғасырлық тарихы бар ескі балабақша. Десе де тәрбиешілерге ғимараттың ескілігі қолдарынан келгенше жыл сайын ғимаратты жаңалап, озық үлгідегі құрал-жабдықпен жарақат, балаларға барынша қолайлы жағдай жасалуда. Мәселен, мұнда әр топқа арнайылап алынған ләз экран, компьютер мен интернет желісі бар. Мұнан бөлек, жақында ғана акт залға аудандық білім бөлімінің қолдауымен үлкен ләз экран қойылған.

Сондай-ақ мұнда логопед кабинеті де бар. Арнайы маман Айдана Қартабай мұнда сөйлеу тілінде тежелісі бар 18 баламен жұмыс жасайды. Соңғы жылдары балалар арасында құм терапиясы кеңінен таралып келеді. Тәжірибелі маман баланың қиялын, өзін-өзі дамытуда құм терапиясының алар орны ерекше екенін айтады. Құммен жұмыс жасау баланы ашуға тез берілуден, себепсіз жыйлай беруден және агрессиядан айықтирады және алдын алады. Құммен сурет салудың балаға тигізер пайдасы мол. Құмның баланы өнерге баулынан бөлек, медициналық тұрғысынан да көмегі тиеді.

Жалғасы 4-бетте

Жастар – ел ертеңі

12 тамыз – Халықаралық жастар күні. Осы ретте жастар күнін атап өту мақсатында 3-12 тамыз аралығы ұлттық онкүндік болып бекітіліп, әр күнге түрлі тақырып аясында шаралар ұйымдастырылды. Олардың қатарында экологиялық акциялар, мәдени бастамалар, денсаулық пен құқықтық түсіндіру бағытындағы жобалар бар.

Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Осы орайда жастар апталығының алғашқы күні тазалық акциясын өткізумен басталды. Жастар «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кент көшелеріне тазалық жұмыстарын жүргізіп, құл-қоқыстан тазартты. Мұнан кейін аудандық ауруханада ашық есік күні өтті. Медициналық кешен азаматтардың денсаулығын тексеруге қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ашық есік күні аясында кешенде терапевт дәрігер, жастар денсаулығы дәрігері, жасөспірімдер дәрігері, психолог мамандар тұрғындарға қызмет көрсетті. Атап айтсақ, скринингтік тексеру, қант деңгейі, холестерин мөлшерін рентген аппараттары арқылы тексерістен өткізді. Тұрғындар портал арқылы ауруханаға жату, тегін дәрі-дәрмек алу бойынша қойған сұрақтарына мардымды жауап алды. Сондай-ақ ауданымыздың жас тұрғындарымен тренинг өткізілді.

Шаралар лепі одан әрі аудандық қоғамдық даму бөлімі, жастар ресурстық орталығы, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен аудандық кітапхананың бірлесуімен Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай «Абай жаққан бір сөуле сөнбеу үшін» атты



тағылымды шараға ұласты. Шара барысында Абайдың өнегелі өлеңдері оқылып, сырлы өндері шығарылды. Сондай-ақ көрермендерге арнайы сұрақтар қойылып, белсенділік танытқандарға сыйлықтар табысталды.

Халықаралық жастар күніне арналған онкүндік аясында «Руханият» орталығында Қазақстан ассамблеясының 30 жылдығы қарсаңында жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, қоғамдағы жанжалдарды шешудің баламалы әдістерін таныстыру мақсатында «Медиация – тұрақтылық пен келісім негізі» атты жастармен танымдық кездесу өтті. Шараға аудандық соттың әкімші басшысы Аян Алтынбаев, аудандық кәсіби медиатор Мұхтар Хайдаров, этносаралық қатынастар жөніндегі сарапшы маман

Асель Балмурзаева, сондай-ақ жастар ресурстық орталығының директоры Әбәлі Бозжанұлы арнайы қатысып, жастарға медиация ұғымының мәні мен маңызын кеңінен түсіндірді.

Кездесу барысында жастар медиацияның қоғамдағы орны, дау-жанжалдарды сотсыз шешудегі рөлі, тараптар арасындағы өзара түсіністік пен келісімге келудің тиімді тетіктері туралы жан-жақты білім алды. Сонымен қатар медиация тәжірибесіндегі нақты мысалдар келтіріліп, жастардың көкейіндегі сауалдарға түшымды жауап берілді. Шара соңында қатысушылар ел ішінде тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтау әр азаматтың борышы екенін тілге тиек етті.

Мұнан бөлек жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен ерек-

ше форматтағы «Muz Live» караоке кеші өткізілді. Кеш барысында аудан жастары өз өнерлерін көрсетіп, сүйікті өндерін шығарды. Жастар үшін бұл шығармашылық серпіліс пен жағымды өсер сыйлаған ерекше кешке айналды.

Халықаралық жастар күні – еліміздің, ауданымыздың өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып келе жатқан белсенді, білімді, ұлтжанды жастарды ұлықтайтын күн. Мемлекетіміз жастарды қолдауға, олардың мүмкіндігін кеңейтуге, өз жолын табуға барынша жағдай жасап келеді. Өйткені бүгінгі жас – ертеңгі ел болашағы. Сондықтан олардың жан-жақты дамуына, өз ісімен айналысуына әлі де мемлекет тарапынан қолдау болмақ.

Жалғасы 3-бетте

Шалғайдағы ауылда шаруа шираған

Шалғайдағы Аламесекті алдыңғы буын аудан тарихымен байланыстырады. Зерттеуші ғалым Тиышбек Дайрабай ағамыз тіпті «алғашында аудан орталығы Аламесек болған» деген деректер келтіреді. Кешегі сапарымызда ақсақалдардан ауылдың арғы-бергі тарихын сұрап, бүгінгі тынысымен таныстық. Іргесі әріде қаланған елді мекеннің бүгінде еңсесі биік. Ауыл халқының да жол, әлеуметтік нысандарға қатысты жиі айтатын талап-тілегіне жергілікті билік құлақ асқан сияқты. Соңғы жылдары ауылда қарқын алған ішкі көшелер құрылысы, жаңадан бой көтерген және күрделі жөндеуден өткен нысандар бұл сөзімізді айғақтайды.

Аламесек тарихы жайлы ақсақалдар не дейді?

Аламесек елді мекені аудан орталығынан 45 шақырымдай қашықта орналасқан. Іргесі 19 ғасырдың аяғында қаланған тарихи өңір 1928-1930 жылдары аудан орталығы болған деген дерек бар. Жері құнарлы, шөбі шүйгін, балық, аң-құсы мол болғасын ба, жергілікті тұрғындар ашаршылыққа ұшырамаған деседі. Шымбай, Төрткүл, Қазалы уездерінің саудагерлері аталған өңірде жәрмеңкелер жиі ұйымдастырып, бұл өңір кейін «Жаңа базар» аталған деген де деректер бар.

1900 жылы Аламесекте 220 үйдей қазак, 50-60 үй өзбек, 20-30 үйдей ноғайлар қоныстанған көрінеді.

Расында Орта Азия мен Қазақстан туралы орыс тарихшыларының жазба деректерінде Аламесек каналы «Қопалы көл» деп аталған. Көлдің жағасы түйе бойламайтын қалың нар қамыс болғандықтан бұл аумақты жолбарыс мекендеген деседі. Жергілікті тұрғындар жолбарыстың атын атамай «Ала мысық» дейді екен. Осылайша «Қопалы көл» «Аламысықты көл» атанып, келе-келе Аламесек болып кеткен дейді. Ал 1995 жылы жарық көрген «Сыр елінде жиналған қазақтың шежіресі» атты еңбегінде Өмірзақ Ахметов ағамыз басқаша дерек келтіреді.

Ол өз туындысында ақ арақалпақтардың кейінгі мекені Сырдарияның екі бетін Арал теңізіне дейін өңдеп иеленгенін, ол өңірде Әбілқайыр хан-



Ертеректе бұл аймақта 2 сыныптық орыс-қазақ түземдік мектебі, кірпіш зауыты мен қасапхана жұмыс жасаған. Темірбек Жүргенов тәлім алған ауылдағы орыс-қазақ мектебінің біз айтып отырған білім ошағы екеніне көз жеткізетін деректер көптеп кездеседі.

1902 жылы іргесі қаланған Аламесек мектебі өңірдегі 6 болысты қамтитын алғашқы маңдайалды оқу орны болған. Құрылысының қарқынды жүруіне сол замандағы ауқатты азаматтардың бірі Смайыл атамыз үлкен үлес қосқан. Оқу құралдары Ақмешіт қаласынан түйе тасымалы арқылы жеткізілген. 1889 жылы Ташкентте ашылған оқушылар семинариясының түлегі Досмағамбет Букін де мұнда жастардың еш кедергісіз білім алуына жағдай жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында Украина мен Белоруссияда панасыз қалған 700-ге жуық жетім бала мектеп ғимаратына орналасып, білімін қайта жетілдіреді. Кейінгі жылдары бұл нысан Аламесек ауруханасы болып жұмыс жасапты.

Елді мекен ертеректе «Аламесек» көлі бұрынғы Ақарық ауылының солтүстігінде үлкен аумақты қамтып, қазіргі Сырдария ауданына қарасты Ақжарма ауылына дейінгі алқапты алып жаты. Шығысындағы «Көк су» өзегі арқылы Сырдария өзенімен, түстігіндегі «Тарма көл», «Дәулет», «Сарыкөл» мен «Абызбай көлі» өзегі арқылы «Жаңадария» өзенімен байланысады. Көлдің табаны 1956-1958 жылдары тартылғандықтан, жергілікті тұрғындар бұл аумақты егін шаруашылығына пайдаланған. Кейін егіс алқабы қазіргідей инженерлік жүйеге көшіп, 1966-1967 жылдары мұнда Ақжарма ауылының тұрғындары күріш еге бастапты.

Сөзімізге арқау болған каналдың бастапқы атауы «Қопалы көл» болса керек. Енді «Тарихи тереңде жатқан жер-су аты кейін қалай Аламесек аталды?» деген оқырманда сөзсіз сұрақ туындайды. Ол жөнінде көнекөз қариялардан қалған дерек те бар.

ның үлкен ұлы Нұралының хан болғанын айтады. Нұралы ханнан бұрын да, кейін де қарақалпақтар екіге бөлініп, хандық құрған деседі. Бір бөлігін Қатағар билесе, келесі бөлігі Аламесектің еңшісіне бұйырады. Алғашқысы Қазалы өңіріне орналасса, Аламесек хан қазіргі Жалағаш аумағына қоныстанған дейді. Жоғарыда айтылған екі деректі де растайтын басқа да мәліметтер жетерлік. Бұл – ел ауызынан және көнекөз қариялардан қалған өсиеттен алынған мәліметтер. Ал шынына келгенде аталған өңірдің тарихы тереңде жатыр.

1925 жылы Аламесек болысына 44 ауылдық кеңес қараған. Аудан орталығы болып тұрған кезде мектеп, интернат, пошта, аурухана, кітапхана, мәдениет үйі мен астық қабылдау пункті жұмыс жасаған. Сол тұста Аламесек МТС ұйымдастырылды. 1932-1933 жылдары Тереңөзек ауданының жетім балалар үйі болды. Аламесек көліне құятын сулар бөгіліп, көл табаны құрғаған соң жергілікті тұрғындардың басым көпшілігі елден еріксіз көшуге мәжбүр болыпты. Кейін аталған өңір Аламесек ауылдық округі болып қайта түлейді.

Дикандар шаруасы шираған

Еңселі елді мекеннің бүгінде екішкі тынысы ашылғандай. Соңғы жылдары ауылдың қарқынды дамуын жергілікті жұрттың ауызбіршілігімен байланыстырдық. Қай уақытта да ымырамен іс қылатын Есет батырдың халқы адал еңбекпен ауылдың шаруасын ширатып келеді.

Батыр атындағы ауылда 334 отбасы қоныстанған. Екі мыңға жуық халқы бар елді мекен жұрты былтыр ауыл шаруашылығы саласын толайым табыспен қорытындылаған. Өткен жылы ауыл шаруалары 1814 гектар күріш, 434 гектар жаңа жоңышқа, 850 гектар ескі жоңышқа, 40 гектар жаздық бидай, 54 гектар картоп, 85 гектар көкөніс, 75 гектар басқа да бақша дақылдарын егіп, одан мол өрі сапалы өнім алды.

Биыл да жергілікті дикандар мол өнімнен үмітті. 1692 гектарға күріш, 667 гектар жаңа жоңышқа егіп, 720

гектар ескі жоңышқаны күтімге алған. Мұнан бөлек 60 гектар жаздық бидай, 18 гектар картоп, 85 гектар көкөніс, 75 гектар бақша дақылдарын өккен.

Бүгінде ауылда егінмен қатар мал шаруашылығы да қарқынды дамып келеді. Жеке отбасыларда 1846 мүйізді ірі қара, 705 жылқы, 1501 уақ мал бар. Ал шаруашылықтар мен кәсіпкерлерде 265 ірі қара, 296 жылқы, 158 қой-ешкі тіркелген. Төрт түлік сырғаланып, тиісті құжаттар беріліп, дерек қорына енгізілген.

Иә, елді мекен жұртының ауыл шаруашылығына айтарлықтай басымдық беретіндей жөні бар. Өйткені негізгі тіршілік көзі де егін және мал шаруашылығы. Ауылдағы ағайын жазда егін егіп, қыстай қорасында мал бордақылап, табысқа көнелуде.

Салада серпін бар

Аламесектегі ағайын соңғы жылдары кәсіппен айналысуға ден қойған. Өз жобаларын жүзеге асыруда мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып отыр. Халықтың кәсіпке ден қоюының арқасында жұмыссыздық мәселесі де кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді.

Ауылда «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған» ұлттық жобалардың айрылдулары барысы да кеңіп қуантады. Нәтиже де жоқ емес, мәселен, бүгінде ауылда 124 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Биыл алғашқы 6 айлықта мемлекеттік кірістер басқармасына тағы 3 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп отыр.

Биыл ауылда 1 жартыжылдықта 10 адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Мұнан бөлек «Күміс жас» жобасымен 3, әлеуметтік жұмыс орнына 3, 35 адам қоғамдық жұмысқа орналасқан.

Ауылдағы алтын үя

Аламесектегі №124 орта мектептің ұлағатты ұстаздары бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда қажырлы еңбек етуде. Білім ошағында 67 педагог бар, оның 13-і – педагог зерттеуші, 13-і – педагог сарапшы, 7-еуі – педагог, 19-ы – модератор. 1 санатты 1, 2 санатты 1 мұғалім бар.

Ауылдағы алтын ұяда 2024-2025 оқу жылдарында 345 оқушы білім алған. Сондай-ақ биыл 34 түлек мектеппен қоштасты. Олардың 37-сі кешегі Ұлттық бірыңғай тестілуде бақ сынап, алды 112 балл жинады. Қазіргі таңда олардың 18-і еліміздегі маңдайалды жоғары оқу орындарында мемлекеттік грантпен білім алу мүмкіндігіне ие болып отыр.

– Біздің басты мақсат-міндетіміз – балаларға сапалы білім беру. Жыл сайын мектеп түлектері ҰБТ-да жоғары нәтиже көрсетуде. Былтыр да шәкірттеріміз сенімді ақтаған. Биыл тағы 18 оқушы дәл осындай мүмкіндікке ие болып отыр. Колледждердің қорытындысы енді шығады. Бұйырғас, алдағы уақытта мемлекеттік грантпен білім алатын шәкірттеріміздің қатары көбейеді деп ойлаймын. Алдағы жаңа оқу жылына дайындық жаман емес. Шыңдығында, біз балаларды ҰБТ-ға ерте дайындаймыз. Өйткені баланың жоғары нәтижеге қол жеткізуіне 1 жыл аздық етеді. Демалыс уақытын тиімді пайдаланған шәкірттеріміз әлден ҰБТ-ға дайындалуда. Алдағы уақытта нәтижеге еңбек етеміз, – дейді мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Назира Ерінбетова.

Биыл №124 орта мектебінде түлектер арасында ҰБТ-дан ең жоғары балл жинағандар қатарында Ұлбосын Шамат та бар. 112 баллдық иесі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Журналистика» факультетінде мемлекеттік грантпен білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Ол Ұлттық бірыңғай тестілеуге 2 жыл бұрын дайындалған. Сондай-ақ бұл жетістігін өзінің ізденісімен қатар ұстаздарының да еңбегімен байланыстырады. Алдағы уақытта Ұлбосын Шамат журналистика саласында еңбек етуді көздеп отыр.

– ҰБТ-ға қанша жыл дайындалдық, бүгінде соның жемісін көріп отырмын. Ата-анамның, ұстаздарымның үмітін ақтағанымға қуанамын. Жуырда жоғары оқу орнындағы оқу жылым басталады. Бұйырғас, осы салада еңбек етуді көздеп отырмын. Ал өзімнен қандай журналист шығады? Ол жағы алдағы уақыттың еншісінде. Шындығы, өзім осы салада еңбек етуді

бұрыннан армандайтынмын, – дейді Ұлбосын Шамат.

Жаңа нысан халықтың қажетіне жарап тұр

Екі жыл бұрын ауылдағы ағайын ауырса, сапасы сын көтермейтін нысанда ем алатын. Ол ғимарат бұрын білім ошағы болып та жергілікті жұртқа қызмет көрсеткен. Мұнда ем алу қолайсыздық тудыратынын ауыл жұрты жергілікті биліктің назарына салған. Ел ағаларының бұл мәселені ескерусіз қалдырмауының арқасында Есет батырда жаңа заманауи емхана бой көтерді. 2023 жылдың соңынан бастап ауылдағы ағайын оның игілігін көріп отыр.

Айта кетейік, Аламесек ауылдық округінен ашылған жаңа амбулаторияның лабораториялық құрал-жабдықтарымен көршілес Жаңадария және Еңбек ауылы тұрғындарына да медициналық қызмет көрсетіледі. Құрылысты салған «Асар» ЖШС ғимараттың келушілерге жайлы болуына баспа мән берген. Онда тіркеу орны, қабылдау, дәріхана, оқшаулау, физиотерапиялық емдеу, егу бөлмелері, лаборатория, архив, күндізгі емдеу стационары, жалпы тәжірибелік дәрігердің кабинеті бар. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де қолайлы жағдай жасалған.

Ауыл тұрғыны Гүлсім Жаханова Аламесектегі бұрынғы емхана ғимаратының сапасы сын көтермейтінін айтады. Десе де осыған дейін сол нысанда ақ халаттылар халықтың денсаулығына сапалы жұмыс жасаған. Енді ол медицина мамандарының жаңа нысанда халық денсаулығына еш кедергісіз қызмет көрсететінін айтады.

Ауылдық емхана мәселесі қанша әкімнің тұсында көтерілді. Тіпті халықтың түйткілді мәселесіне айналды десем де болады. Екі жыл бұрын аймақ басшысы елдің көкейінде жүрген мәселеге нүкте қойды. Ауданға облыс әкімінің бұған дейінгі сапарында да осы мәселені көтергенбіз. Сол талап-тілегіміздің жерде қалмағанына халықтың көзі жетіп отыр. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы біз-

дің аймақта 100 пайыз жүзеге асып жатыр деп толық айта аламын. Ауыл тұрғындарының бұл жобаны көптен күткені рас, енді сол емханаға 1 дәрігер маманы керек. Бұл шешілсе, ауылдың денсаулық сақтау саласында ешқандай мәселе болмас еді, – дейді Гүлсім Жаханова.

Расында бұл жобаны жергілікті халықтың асыға күткені өтірік емес. Сондықтан ауыл ардагерінің сөзіне алып-қосарымыз жоқ. Халықтың емхана мәселесін осыған дейін бірнеше рет көтергеніне куә болдық. Бұл нысан жан-жақты жабдықталған.

Ауылдағы 5 орындық күндізгі жаңа заманауи, медициналық, санитарлық талаптарға сай стационарлық емханада мемлекеттік бағдарламаға сай тұрғындарға тиісті дәрігерлік байқаудан өткізіп, анықталған ауруларға сауықтыру жұмыстары жүргізілуде. Мұнда 11 медбике халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетеді. Былтыр ауылда 31 бала дүниеге келген. Есепті мерзімде перинаталды және қауіпті босанулар болмаған. Туберкулез ауруының алдын алу мақсатында ауыл тұрғындары кестеге сәйкес манти сынамасы мен флюоробайқаудан өтуде. Диспансерлік бақылаудағы 8 науқастың 1-еуі амбулаториялық ем алуда. Бақылаудағы науқастар дері-дәрмектермен толық қамтылған.

Жол сапасы жақсарған

Ауыл әкімінің сөзіне сүйенсек, Есет батырда 13 ішкі көше бар, 2023 жылға дейін оның екеуіне ғана асфальт төселген. «Асфальт төселген» деген аты ғана, негізінен ол көшелердің де сапасы жақсы емес, ал 3 көшеге тас төселсе, қалған 8 көше кәдімгі қаражол болатын.

Қазір ше, бүгінде Аламесекте жол сапасы айтарлықтай жақсарған. Ауылдағы 5 көшенің құрылысына қатысты жобалар қаржылай қолдау тауып, Есет батырда жол сапасы жақсарды. Тарқатып айтсақ, Өмірбай шешен, Бөлекбай би, Сарман батыр, Жаңақоныс және Төлеген Бисенбаев көшелеріне асфальт төселді. Ауылдың орталық көшелеріне 1 млн 640 мың теңгеге 9 бейнебақылау камерасы, көшелер бойына 156 мың теңгеге 7 жол белгісі, ал тұрғын үйлерге 100 дана көше тақтайшасы орнатылған.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын біздің басты мәселеміз осы жол сапасының сын көтермеуінде еді. Қазір мемлекеттің қолдауының арқасында бұл мәселеміз де шешімін тауып келеді. Алдағы уақытта ауылда әлі де жол сапасын жақсарту мақсатында тиісті жұмыстар атқарамыз, – дейді ауыл әкімі Дәулеткерей Тәжібаев.

Елді мекенде 200 орындық мәдениет үйі бар. Онда 15 129 кітап қоры бар кітапхана халыққа қызмет етеді. Кітапхана «Модельді ауылдық кітапхана» болып жаңа форматта жұмыс атқаруда. Мемлекет басшысы жүктеген міндеттер мен облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес елді мекендердегі халықтың мәдениет нысандарына қолжетімділігін арттыру мақсатында «Адал адам – мәдени тәрбие беру орталығы» ашылды. Кинотайм жобасы аясында жас ұрпақты отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында қазақтың алтын қорына енген кинофильмдер көрсетілуде. Есет батыр ауылдық мәдениет үйінде биыл 6 айда 25 шара өтіп, оған 2 200 көрермен қамтылған.

Мәдениет үйі жанында 5 үйірме жұмыс жасайды. Оған 60 адам тартылған. «Қызғалдақтар» халық ән-би ансамблінде 25, «Асыл аналар» ансамблінде 8 адам өз өнерін көрсетіп, ауыл аудан көлемінде көрермен ықыласына бөленуде. Сонымен қатар мәдени көпшілік іс-шараларға ауыл жастары тартылып, олар ауылдағы қайырымдылық акциялары мен түрлі мерекелік іс-шараларға белсене қатысуда.

Төрағалардың тұған жерге тартуы

Елді мекенде күріш егетін төрағалар ауылды абаттандыруда белсенді. Осыдан бірнеше жыл бұрын жергілікті шаруашылықтар ауылды абаттандыру жолында бірқатар жобаны қолға алып жатыр дегенді естігенбіз. Тіпті бұған қатысты аудан әкімдігімен арада жасалған арнайы меморандум да болды. Бұл құжаттардың барлығы ауылдың болашағын жарқын етуге арналғаны жергілікті халықты қуантты. Бүгінде олардың бірқатары жүзеге асқан.

Ауылда демеушілер есебінен ішкі көшелерге 140 дана жарықшам орнатылған. Сондай-ақ елді мекенде өрт сөндіру бекеті ғимараты демеушілер есебінен жүргізілуде. «Көктөбе» шаруа қожалығы есебінен елді мекендегі Ұлы Отан соғысынан оралмағандарға арналған ескерткішке жаңғырту, жаңарту жұмыстары жүргізілді.


Жалпы Аламесекте қай салада да серпін бар. Мұның бәрі – елдің ауызбірлігінің жемісі. Ауыл азаматтары қолынан келетін шаруаны ымырамен тындырады. Ал үлкен қаржыны талап ететін мәселелерді жергілікті биліктің назарына салады. Олардың талап-тілегі ескерусіз қалмаған, өйткені осыған дейін Аламесектегі ағайын көтерген мәселелердің көбісі шешімін тапқан. Оған бүгінгі сапарымызда көз жеткіздік.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Коңыла калаган устаган балаң
шағында бөрінен де кергеі – тағмаыңды
төбілеуе. Әдебиетті биі мұрат тұтатын
әрбір адам үшін бас кезден асыл нем-
жасықты, жақсы нем жаманды ажырата
алудың өзі – үлкен қасиет. Көп нерсе
соған байланысты. Осы жағынан
алғанда бәз бірінің курст-та жүргенде
Әкей Кекілбасовтың «Лениншіл жасқа»
(1970 жыл, 22 қазан) басылған «Бунин-
мөжыққанда» деген мақаласы тайпайлар
үшін бөлекше мәнді болды. Шынын
айтканда, бота тірсек бозбала бәз тұрмақ,
сөз қуып үлгерген тайпай адам да Бунинді
дәл сол мақаладан кейін індеті іздей
бастаған шығар деп ойлаймыз.

«Қорқытпа мені дауылдан»

Не пугай меня грозю,
Не боюсь я вешних бурь:
После бури над землею
Светит радостной лазурь;
Кептеген жыл бойи бул өлөңнүң түпсөсү
дел аңкытмалы келген. Эуелде белгисиз
автордан депинсе, 1933 жылы басылымда
Пушкиннен деп, 1940 жылы басылымда
Лермонтовтан деп көрсөтүлгөн. Пушкиннен
калай телингени түсүнүсиз, ал Лермонтовтун
ишкү өлөмин, сөз саптауына жакындыгы
анык. Буниниң жаш кезинде «подрядка»
болышыне всего Лермонтову, его стихи обра-
зовывали душу» деп жазганын талай эле
бияттануусу келтирген. Оңуң 1953 жыл
Лермонтов жөнүндө айтканы кайран кал-
дырады. Парижге арнайы барган Георгий
Адамович «Мен өмүр бойу орыстың бирин



Бәлкім, Абай бұл өлеңді Лермонтов өлеңі деп аударған шығар? Әдебиет өлеміне ондай да бола береді. Мысалы, Я.П.Полонскийдің «Сердце» деген бір өлеңін Абайсызда М.Ю.Лермонтовтың 1891 жылғы «Шыңғарлы шығармалар жинағына» енгізеткенімен Сөйтіп «Жүрекке қол қазына бар, бәріне жаксы» аталған өлең Абайдың 1909 жылғы «Түңгішасы басылымның өзінде» «Ауродтар» атты жинағына енгізілген. Лермонтовтың өлеңін де көрсетілген. Сөздің реті келіп тұрғанда, кейбір оқырманға таныс мәлімет ретінде алғашқы кітапта «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» тақырыптарға орайластырылып, «Халық туралы», «Өлең туралы», «Өзі туралы» дегендей «бөліктерге» бөлінгенін еске салу артық болмас. Мысалы, «Қақтаған ақ күмістей көк маңдайлы», «Бікелетің арқасында өрген бұрым» сияқты өлеңдерді «Сұлу ұрашы туралы» бөлігіне біріктірген.

Содан галым әрі қарай ізерлеу түседі. Буниннің 1887-1891 жылдардағы өлеңдерінің басы қосылған кітабы «Листопад» (1891). 1891 жылы басылған екен. Айтқандай, А.М.Горький «Листопад» шыққан бетте «В.А.Брюсовқа хат жазып, Бунинді «первый поэт наших дней» деп атайды. Абай өлеңді сол жинақтан аударған болар? Уақыты өткеніне тұр, уақыты келіп тұрғанымен, шығарғы келіп тұрмайды екен. Буниннің кітабы Мәскеуде де емес, Петербуржде де емес, Орелде басылыпты. Орелде басылса, несі бар, кітап ол кезде де Ресейдің түпкір-түпкіріне, яғни Семейге де жетпей ме дерсіз? Жоқ, дәл Семейге жетпейді екен. Біріншіден, Ресейдің таралымы өте шағын болған. Қайым Мұхамедханов өз мақаласында ол жинақпен Мәскеуде В.И.Ленин атындағы кітапханада микрофильм арқылы ғана таныса алғанын жазды. Екіншіден, Орелде қаласында басылған кітаптың ол кезде Семейге қоғамдық кітапханаға жетуі мүмкін емес екен. Абай барып жүрген Семейдің кітапханасы Ресейдің губернияларынан әдебиеттер алдыртып тұрмағаны, кітап қоры тек Мәскеу мен Петербург баспаларынан шыққан кітаптармен толыққаны әлдеқашан белгіделген. Ал кітапхана жаздыртып

Кемеңгерлік пен көріпкелдік

Бунин жырында алдағы өмір осылай өтер ме екен деп алағыз басым. Он сегіз жасар жігіт (өлең 1888 жылы жазылғанын білдіретіндігі айтылған) енді он тоғыз жылдан кейін Ресейде революция болатынын, беріле сүйген Отаны қақ-қызылға бөлініп, қақ жарылатынын, өзін елден аластатылатынын, өмірінің соңына

Бул шумақ отыз жетінші қара сөздегі «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек» – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың, қатты қыстың артынан кегі мол жақсы жаз келмешуі ме еді?» деген оймен әбден-ақ орайласып тұр ғой. Қақаған қаттардан кейің, міне, шыжыған шілде шығып жантар жоқ па!

Сауытбек АБДРАХМАНОВ,
филология ғылымдарының докторы,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
Коллажды жасаған
Қонысбай ШЕЖІМБАЙ

Біздің ауданда да жастардың дамуына, көсіп бастауына, білім алуына барлық мүмкіндік қарастырылуда. Мереке қарсаңында ерекше жастар да назардан тыс қалмады. Аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбетовтың қатысуымен ерекше жандармен кездесу өтті. Ол шара барысында жастарды мерекесімен құттықтап, аудан әкімінің Алғыс хаты мен арнайы статутқа табыстады.

Шара барысында аудан әкімі жастар саясатының жүзеге асыну сәбіелі үлес қосып жүрген бірқатар жалынды жасты облыс және аудан әкімінің Алғыс хатымен марапаттады. Ал аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Әбәлі Төлеутай жастар күніне орай ұйымдастырылған онкүндіктің жоғары деңгейді өтуіне атсалысқан мекеме басшылары мен жастарға алғысын білдіріп, жалынды жастарды мерекесімен құттықтады.

АҚТОТЫ ЕРЖАНҚЫЗЫ
БАСЫ 1-БЕТТЕ

Орманда өрт шығу қаупі әсіресе жаздың құрғақ, желді күндері артады. Өрт тек табиғатқа ғана емес, адамдардың өмірі мен мүлкіне де қауіп төндіреді. Сондықтан әр азамат орман ішінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы тиіс.

Негізгі талаптарға келсек, ет жауға тыйым салынады.
Арнайы белгіленбеген орындарда ет тұтатпау керек.
Шылшым шегу де қауіпті, орманда темекі тұқылғы, сіріңкені тастау ерттің тұтануына басты себеп болуы мүмкін.
Құрғақ шөп пен жапырақты өртемеу керек. Бұл жалынның тез таралуына себеп болады.
Автокөлікпен орманға кіргенде абай болуыңыз. Шығатын уышқындар ерт тұтандырыуы мүмкін. Өрт белгілерін байқасаңыз, дереу 101 неміс 112 немірге хабарлау керек.
Есіңізге болсын, өртті дер кезінде сөндіру үлкен апаттың алдыны алады. Орман – табиғат байлығы, оны қорғау – әрқайсысымыздың міндетіміз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Тың туынды

«Мақпалкөлдің аспаны» – оқырман олжасы



Қайда жүрсем де туған жерім жүрегімде сақталады. Өз еңбектеріме бір сәт көз тастасам, өлеңдерімнің көбісі туған жер, ауыл тақырыптарына негізделіпті. Кейде шығармашылығыммен таныс оқырмандарым «Неге туған жер, ауыл тақырыбында көп жазасың, ауыл сенде ғана бар ма?» деп әзілдейді. Шындығында, адамзатқа кіндік қаның тамған туған жердің дамуына тамшыдай болса да үлес қосу – перзенттік парыз. Біз қайда жүрсек те туған жерге кіндігімізбен байланғанбыз. Сондықтан болар, мен үшін ауыл жайлы өлең жазбау мүмкін емес.

Гауһар Қожахметова,
ақын, журналист

Қарымды қаламгердің ауыл жайлы осы бір ғана пайымы оның шығармашылыққа адалдығын аңғартса керек. Мақпалкөл ауылынан түлеген Гауһар Қожахметованың шығармашылығымен Сырдағы қалың оқырман етене таныс десек, артық айтқанымыз болмас.

Иә, ол журналистика саласында өзінің қоптанбасын қапдырды. Әлі де осы салада талмай еңбек етуде. Асқаралы алпыс жасында артына бір сәт қарайлап, оқырман үшін һәм өзі үшін де құнды еңбектерін жинақтап, «Мақпалкөлдің аспаны» атты жаңа кітапты жарыққа шығарды. Ақынның құнды еңбектің тұсаукесер рәсімін өзінің туған ауылында өткізінде де үлкен мән жатыр.

Иә, кешегі аптаның бейсенбісінде Мақпалкөл ауылдық округінде ақын, «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі, Қазақстан Республикасы Ақпарат саласының үздігі, белгілі журналист, туған жерінің тұғырын биіктетіп жүрген танымал қаламгер Гауһар

Қожахметованың «Мақпалкөлдің аспаны» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Тағылымы терең, рухани мазмұны зор шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Шаймағамбетов, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев, өңірлік БАҚ және зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты. Салтанатты жиында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов Гауһар Асқарқызын 60 жасқа толған мерейлі мерейтойымен және жаңа туындысының жарық көруімен құттықтап, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың және аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың құттықтауларын жеткізіп, сый-құрмет көрсетті.

– «Әркімнің туған жері – өзіне Мысыр шаһар» деп бекер айтылмаса керек. Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы ауылдан елдің дамуына саналы ғұмырын сарп еткен танымал азаматтар көптеп шыққан.

Біз әрине, олармен мақтанамыз. Міне, аядай ауылдан түлеп, елдің өркендеуіне үлес қосқан жандардың қатарында белгілі қаламгер Гауһар Қожахметова апайымыз да бар. Сыр журналистикасында ғана емес, қазақ журналистикасында өзіндік орны бар Гауһар апайымыздың шығармашылық жолы ескеңеп ұрпаққа адалдықты, отансүйгіштікті, патриоттықты дәріптейді. Оның сырға толы жырлары, мән-мағынасы терең, кесек дүниелері оқырманға ой салады. Бүгінгі жаңа туындысының «Мақпалкөлдің аспаны» деп аталуы да тегін емес. Қарымды қаламгердің қайда жүрсе де туған жерге, өскен өлкесіне деген құрметі жоғары. Бүгінгі оқырман олжасына айналған тың туындының тақырыбы бұл сөзімізді айғақтайды. Қазақта «Туған жердің топырағы да, торғайы да ыстық» деген сөз бар. Гауһар Қожахметованың тұтас шығармашылығына үңілсек, ауыл көз алдымызға келеді. Бүгінгі асқаралы алпыс жасында автордың

жаңа кітабы жарық көруде. Бұл – бір ғана қаламгердің емес, ауылдың тойы, осындағы ағайынның қуанышы. Баршаңызға сол қуаныш құтты болсын. Ақын апайымызға шығармашылық табыс, шалқар шабыт тілейміз. Тың дүниелермен оқырманды қуантып жүре беріңіз, – деді аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов.

Мұнан кейін «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев Қызылорда қаласы әкімі Нұржан Ахатовтың құттықтауын табыстады. Қаламгердің Сыр журналисткасында ерен еңбегіне ерекше тоқталған Марат Жайылханұлы мерейтой иесінің алдағы уақытта да оқырманға ой салар тың дүниелерді жарыққа шығаратынына сенім білдірді. Ал облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Шаймағамбетов ақынды мерейтойымен құттықтап, жаңа туындының қазақ руханиятына қосар үлесі мол екенін тілге тиек етті.

Гауһар Қожахметова 1965 жылы 5 тамызда Жалағаш ауданы Темірбек Жүргенов ауылында дүниеге келген. 1982 жылы №117 Әбдікерім Оңалбаев атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне оқуға түсіп, 1986 жылы тәмамдады. Оның мектеп қабырғасында жазған алғашқы тырнақалды жырлары мен мақалалары аудандық «Жаңада-

рия», қазіргі «Жалағаш жаршысы» газеті мен республикалық «Қазақстан пионері», «Балдырған» басылымдарында жарияланды.

Гауһар Қожахметова ұзақ жыл ағартушылық қызметте болды. Алайда ол шығармашылықтан бір сәт қол үзбей, қаламын ұштай түсіп, облыстық «Сыр бойы», «Сыр мектебі», республикалық «Ақ маржан» тағы басқа да басылымдарда маңызды мақалалар, лирикалық өлеңдер жариялап тұрды. Он шақты өлеңіне ән жазылған. 2011 жылдан бері қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің меншікті тілшісі, жауапты хатшысы, бөлім басшысы, Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінде бас редактордың орынбасары болып жауапты қызметтер атқарған. Бүгінде «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі, «Еңбек даңқы» және бірнеше мерекелік медальдармен, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің алғыс хатымен және «Құрмет» грамотасымен, Қызылорда облысы мен Қызылорда қаласы әкімінің алғыс хаттарымен және арнайы дипломнымен марапатталған. Қызылорда қаласы әкімінің «Үздік жауапты хатшы» дипломының, Жалағаш ауданы әкімінің «Үздік тілші» номинациясының иегері. Отбасылы, 1 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отыр.

Ақынның әкесі – Асқар Қожахметов Темірбек Жүргенов ауылының тұрғыны, ұстаз-ақын Ұлы Отан Соғысында қанды шайқастарға қатысып, бірнеше орден-медальмен марапатталған. Бірнеше кітаптың авторы. Майдангердің атына өзі туып өскен Мақпалкөл ауылдық округі орталығынан көше берілген.

«Мақпалкөлдің аспаны» кітабы – туған жерге деген сағыныш пен құрметтің, ұлттық рух пен сыршыл сезімнің көркем туындысы екенін жеткізген зиялы қауым өкілдері тың туындыны көпшілік оқырманға ой салып, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосатын шығарма ретінде бағалады. Рухани шарада жаңа кітаптың тұсаукесер рәсімі өтіп, қатысушыларға сыйға берілді. Жақында 60 жасқа толған ақынның ауылға барып, шығармашылық көш өткізіп, туған жерге тағзым етуі – кейінгі буынға үлгі.

Тағылымды шарада ақынның сөзіне жазылған өңдер шырқалды, жырдаулар жырдан шашу шашты. Сондай-ақ ақынның замандастары да қарымды қаламгердің шығармашылық жолына сәттілік тіледі. Ал мерейтой иесі бүгінгі тағылымға толы шараның өтуіне атсалысқан, жаңа еңбектің жарыққа шығуына демеуші болған азаматтарға, ауылдастарына алғысын жеткізді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Шуағын шашқан «Шұғыла»



– Иә, «құм терапиясы» біз үшін де, балалар мен ата-аналар үшін де жаңашылдық болды. Бала үшін заман талабына сай жаңа технологиямен жұмыс жасау – әрбір ұстаздың парызы. Жас ерекшеліктеріне қарай балалар құм арқылы еркін тақырыпта түрлі суреттер мен өріп, сандарды шимайлап бейнелейді. Әр маман білімі мен біліктілігін ұштастыра отырып, балалар үшін аянбай еңбек етуде, – дейді Гауһар Әбдісәліқызы.

Балалардың қауіпсіздігі мен саулығын басты назарда ұстайтын балабақшада 2 аспаз бен 1 мейірбике бар. Аспаздың балаларға арнап түрлі дәмді тамақ пісіріп жүргеніне 20 жылға жуықтаған. Барлық баланы өз баласындай жақсы көретін олар ас мәзіріне сәйкес әр күнде түрлі тағамдар мен тәттілер дайындайтынын айтады. Ал мейірбике Ұрқия Жақсылықованың өзі де – көпбалалы ана, «Күміс алқа» иегері. Ол да балабақша ашылғалы осында еңбек етіп, барлық баланы өз баласындай бауырына басып келеді. Олардың саулығы үшін жаз мезгілінде іш өту, құсу сынды сырқаттың алдын алып, қыз мезгілінде дене қызуларын жиі тексеріп отырады.

Айта кетейік, мұнда шағын жылжай бар. Өздерінің білетіндей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялаған болатын. Сол жылы мұндағы қызметкерлер балабақшаға жаңаша өзгеріс енгізу мақсатында «Жасыл балабақша» жобасын қолға алған. Жоба аясында балабақша ауласына ескі терезелерден балаларға арнап «Терезе алдындағы бақша» тақырыбы аясында жылыжай салған. Мұнда кішкентай тәрбиеленушілер қызанақ, қияр, қырыққабат, тәтті бұрыш, аскөк, пияз егісіп, шыққан өнімді асханаға әкеліп өткізеді. Яғни балаларды еңбекке баулу мақсатында жасалған жұмыстар бүгінде өз жемісін беріп отыр.

Балабақша меңгерушісінің айтуынша, жергілікті кәсіпкер азаматтар қолдарынан келген көмегін аянып қалмайды. Бірі балабақша жанын тазарту мақсатында қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етсе, енді бірінің күршінен, тіпті бір топқа бірдей киім сыйлаған кездері де болған.

Айта кету керек, мұнда «әжелер», «аналар», «әкелер» мектебі бір жолға қойылған. Тәрбиеші Жанар Үсенованың жетекшілігімен әсіресе «әкелер» мектебі жақсы дамыған. Яғни аталған тәрбиешінің тобындағы балалардың әкелері көз келген мерекелік кештерде белсенділік танытып, тіпті шараны өздері ұйымдастырып, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған. Сондай-ақ олар көктемде көгалдандыру, тал өгу акцияларына да белсене қатысып, балаларымен бірге құстар ұясын

жасып, балабақшаның гүлденуіне өзіндік үлесін қосуда. Ауылдағы тәрбие ордасында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылууда. Гауһар Әбдісәліқызының айтуынша, жақында ғана мұнда аудандық білім бөлімінің қолдауымен арнайы 32 антикамера орнатылған. Бұл камералардың барлығы қазіргі таңда толық жұмыс жасап, аудандық полиция бөліміне тікелей қосылуы тұр.

Педагогикалық ұжым республикалық, облыстық, аудандық байқауларда толымды көрсеткіштерді бағындырған. Атап айтсақ, биылғы ақ желтоқсанда «Шұғылалықтар» 9 аудандық, 3 облыстық, 2 республикалық байқауға қатысып, жеңіс тұғырынан көрінген.

Тарқатып айтсақ, тәрбиеші Базаркүл Сүлейменова «Абай оқулары» республикалық мәнберлеп оқу байқауына 2 тәрбиеленушіні қатыстырған. Нәтижесінде бұлдір-шашиді Аяла Каналбек пен Айым Рашидқызы І орынмен жетекшілері арнайы алғыс хатпен марапатталған.

Республикалық «Бояулар құпиясы» сурет салу байқауына тәрбиеші Райкүл Ахметованың жетекшілігімен 2 тәрбиеленуші қатысқан. Яғни Мирамбек Бибі Фатима мен Раяна Бекеева да үздіктер қатарынан көрініп, І орынмен марапатталған. Ал мұнықа жетекшісі Раушан Алдабергенованың жетекшілігімен балақай-жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет эр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

жасап, балабақшаның гүлденуіне өзіндік үлесін қосуда.

Ауылдағы тәрбие ордасында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылууда. Гауһар Әбдісәліқызының айтуынша, жақында ғана мұнда аудандық білім бөлімінің қолдауымен арнайы 32 антикамера орнатылған. Бұл камералардың барлығы қазіргі таңда толық жұмыс жасап, аудандық полиция бөліміне тікелей қосылуы тұр.

Педагогикалық ұжым республикалық, облыстық, аудандық байқауларда толымды көрсеткіштерді бағындырған. Атап айтсақ, биылғы ақ желтоқсанда «Шұғылалықтар» 9 аудандық, 3 облыстық, 2 республикалық байқауға қатысып, жеңіс тұғырынан көрінген.

Тарқатып айтсақ, тәрбиеші Базаркүл Сүлейменова «Абай оқулары» республикалық мәнберлеп оқу байқауына 2 тәрбиеленушіні қатыстырған. Нәтижесінде бұлдір-шашиді Аяла Каналбек пен Айым Рашидқызы І орынмен жетекшілері арнайы алғыс хатпен марапатталған.

Республикалық «Бояулар құпиясы» сурет салу байқауына тәрбиеші Райкүл Ахметованың жетекшілігімен 2 тәрбиеленуші қатысқан. Яғни Мирамбек Бибі Фатима мен Раяна Бекеева да үздіктер қатарынан көрініп, І орынмен марапатталған. Ал мұнықа жетекшісі Раушан Алдабергенованың жетекшілігімен балақай-

лар Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Менің өлім – менің бақытты шағым» атты республикалық байқаудың облыстық кезеңінде «Биші балақайлар» номинациясын иеленген. «Қазақшаң қалай, балақай?» аудандық байқауынан тәрбиеші Сүлейменова Базаркүл І орын алып, облыстық кезеңде үздік үштікті түйіндеген. Мұнан бөлек тәрбиеші Роза Құрманбаева «Мен зерттеушімін» аудандық байқауында ІІІ орын иеленген.

Дәл осы білікті маман аудандық «Балақайларға қаржылық сауаттылық» туралы байқауда І орын алып, облыстан алғыс хатпен оралған. Ал Гүлнұр Көбекова аудандық «Үздік тәрбиеші – 2025» байқауында «Ізденімпаз тәрбиеші» номинациясымен марапатталған. Дене тәрбиесі нұсқаушысы Ерқасым Жұмахметова «Ханталапай» ұлттық ойындар республикалық байқауының аудандық кезеңінде «Үздік ұйымдастырылған ұлттық ойын» номинациясымен марапатталған.

Жалпы тізе берсек, балабақшаның ауыз толтырып айтарлықтай жетістігі көп. Себебі мұндағы мейірман мамандар «Шұғыланың» шуақты, жеңісті күндерін көп етуде ерен еңбек етіп келеді.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектетеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет эр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2761 Тапсырыс №1347

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҰРКІТБАЙ